

**Кеден делдалды ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны беру, қолдану күшін тоқтата тұру және қайтарып алу жөнінде нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Бұйрық Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 3 қараша N 529-Б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 11 қарашада тіркелді. Тіркеу N 969. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен. ~V011442

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368\_ Заңына және лицензиялау туралы U952200\_ заңдарға сәйкес Бұйырамын:

1. Кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны беру, қолдану күшін тоқтата тұру және қайтарып алу туралы нұсқаулық бекітілсін (1-қосымша).
2. Кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның нысаны бекітілсін (2-қосымша).
3. "Өтініштерді қарау және кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 21 шілдедегі N 187-П бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.
4. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Мұхамедиева Г.) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуін қамтамасыз етсін.
5. Кеден режимдерін және кедендік ресімдеуді бақылауды ұйымдастыру басқармасы (Байбұлов М.) осы бұйрықтың іске асырылуын қамтамасыз етсін.
6. Баспасөз қызметі (Исахан Г.) осы бұйрықтың жариялануын қамтамасыз етсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
8. Бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің 1999 жылғы  
03.11. N 529-Б бұйрығына  
1-қосымша

Кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру  
құқығына лицензияны беру, қолдану күшін тоқтата тұру  
және қайтарып алу туралы нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқаулық лицензиялар туралы заңдарға және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны беру, қолдану күшін тоқтата тұру және қайтарып алу тәртібін белгілейді. Лицензияларды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Кеден комитеті) береді.

2. Кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияларды ( бұдан әрі - лицензиялар) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес келетін тұлғаларға беріледі.

2. Лицензияларды беру тәртібі

3. Лицензияларды алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 ж. 29 желтоқсандағы N 1894 P951894\_ қаулысымен бекітілген нысандағы лицензияларды беру туралы заңды тұлғаның өтініші (бұдан әрі - өтініш беруші);

2) Өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын және өтініш берушінің біліктілік талаптарға сәйкес келетіні туралы құжаттар, нақты айтқанда:

- мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, құрылтайшылық құжаттарының нотариат растаған көшірмелері;

- өтініште көрсетілген банк шоттарының болуын растайтын құжат;

- кедендік ресімдеу бойынша өтініш берушінің штатында кем дегенде бір

маманның болуын растайтын құжат, сондай-ақ кедендік ресімдеу бойынша штаттағы мамандардың Кеден комитеті берген біліктілік аттестаттарды нотариат растаған көшірмелері;

өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын басқа да құжаттар;

3) лицензиялық алым төленгені туралы түбіртек.

4. Лицензияны беру туралы өтініш "Лицензиялау туралы" U952200\_ Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабымен белгіленген мерзімдерде қаралады.

5. Лицензияны беру туралы өтінішті қараған кезде Кеден комитеті өтініш беруші көрсеткен мәліметтер мен құжаттарды растайтын құжаттарды талап етуге құқылы.

6. Лицензиялау туралы заңдармен белгіленген негіздемелер бойынша лицензиялар берілмейді.

### 3. Лицензияның күшін тоқтата тұру және лицензияны қайтарып алу тәртібі

7. Кеден делдалы лицензияда көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда лицензияның қолдану күші Кеден комитетінің шешімімен 6 айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрылуы мүмкін.

8. Кеден комитеті кеден делдалының кеден заңдарын бұзу фактілері туралы кеден органдарының хабардар етуі негізінде лицензияның қолдану күшін тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.

9. Лицензияның қолдану күші тоқтатыла тұруына негіз болған себептер жойылғаннан кейін лицензияның күшін қалпына келтіру туралы шешім қабылданған күннен бастап лицензияның қолдану күші қалпына келтіріледі.

Лицензияның қолдану күшін тоқтата тұру және оның күшін қалпына келтіру туралы шешім Кеден комитетінің бұйрығы нысанында қабылданады.

10. Лицензиялау туралы заңдарда белгіленген жағдайларда лицензия сот тәртібімен қайтарып алынады.

11. Лицензияның қолдану күшінің тоқтата тұру "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кеден ережелерін бұзғаны үшін берілетін жаза түрінде қолдануы мүмкін.

12. Лицензияны қайтарып алу немесе оның қолдану күшін тоқтата тұрған кезде кеден делдалы лицензиясын қайтарып алу не оның қолдану күшін тоқтата тұру туралы шешім қабылданғаны туралы хабардар еткен күннен бастап 15 күннен кешіктірмей олардың қызмет аймағында кеден делдалы өз қызметін жүзеге асырған кеден органына лицензияның қолдану күші болған толық кезеңдегі кеден бақылауына жататын тауарлармен және көлік құралдарымен

жасаған операциялар туралы есеп беруге міндетті.

13. Соттың лицензияны қайтарып алу туралы шешімі немесе оның қолдану күшін тоқтата тұру туралы шешімі күшіне енгенге дейін қабылданған кеден декларациясын "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 200-бабына сәйкес сенім білдіруші тұлға қайтарып алуы мүмкін.

Тауарлар және көлік құралдарын босату жүзеге асырылмаған кеден декларациясын қайтарып алу құқығы тоқтатылған жағдайда кеден органдары кеден декларациясының күшін жояды. Кеден декларациясын қайтарып алуға немесе қолдану күшін жоюға себеп болған тауарлар мен көлік құралдары кеден заңдарына сәйкес кедендік ресімдеуге жатады.

Кеден декларациясының күші жойылған кезде кеден органдары кеден заңдарына сәйкес кедендік ресімдеуге жататын тауарлар мен көлік құралдарының иелерін осындай ресімдеудің қажеттілігі туралы хабардар етілген күннен кейін 30 күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлауға тиіс.

14. Лицензияны қайтарып алған жағдайда кедендік бақылау мақсатында тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу бойынша кеден делдалы сенім білдіруші тұлғалармен жасасқан шарттары мына жағдайлар қамтамасыз етілгенде:

1) жасасқан шарттар бойынша кеден делдалы өзінің міндеттерін толық орындағанда;

2) тауарлар мен көлік құралдары орналасқан кеден режимдерінің іс-әрекеті аяқталғанда не кеден режимдері іс-әрекетінің аяқталуына байланысты кеден делдалының ешқандай міндеті болмағанда;

3) есептік құжаттаманы тексеру кезінде сол мәмілені орындау сәтінде Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартатын бұзушылықтар табылмағанда қолданылады деп танылады.

15. Кеден делдалы өз қызметін жүзеге асырған қызмет аймағындағы кеден

органдары көрсетілген мәмілелер бойынша тауарлар мен көлік құралдарын босатқаннан кейін кедендік бақылауын іріктеп жүргізуді жүзеге асырады.

16. Осы Нұсқаулықтың 14-бабында көрсетілген шарттармен сәйкессіздік болған жағдайда тауарлар мен көлік құралдары заңдарда белгіленген тәртіппен кедендік ресімдеуге жатады.

17. Лицензияны қайтарып алған жағдайда кеден органдары хабардар еткен күннен бастап 30 күннен кешіктірмей кеден ресімдеудің қажеттілігі туралы кеден заңдарына сәйкес осындай ресімдеуге жататын тауарлар мен көлік құралдарын жазбаша түрінде хабардар етуге міндетті.

#### 4. Лицензияның қолдану күшін жою

18. Лицензияның қолдану күші мына жағдайларда:

- 1) лицензияны қайтарып алғанда;
- 2) кеден делдалын қайта ұйымдастырғанда немесе таратқанда жойылады.

19. Кеден делдалын қайта тіркеген жағдайда лицензияның қолдану күші сақталады.

#### 5. Қосымша ережелер

20. Кеден делдалы туралы лицензияға кірмейтін, лицензияны алу туралы өтініште көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда кеден делдалы өзгерістер болатын сәттен бастап 15 күннен кешіктірмей бұл туралы Кеден комитетін жазба түрде хабардар етуге міндетті.

21. Кеден делдалы туралы мәліметтердің ықтимал өзгерістері делдал қызметінің жүзеге асырылуын тоқтатады деп санауға негіздер болған жағдайда кеден делдалы бұл туралы алдын-ала Кеден комитетін хабардар етуге міндетті.

22. Лицензия жоғалған жағдайда кеден делдалы оның көшірме нұсқасын алуға құқылы. Бұл ретте қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алым төленеді.

#### 6. Қорытынды ережелер

23. Лицензиялауға байланысты кеден органдарының шешімдеріне заңдарда белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

24. Лицензияны қайтарып алуға байланысты лицензиат пен сенім білдіруші тұлғаларға келтірілген шығындарды кеден органдары өтемейді.

Лицензия қайтарып алынған жағдайда кеден делдалы мен сенім білдіруші тұлғалардың арасындағы қарым-қатынастар азаматтық заңдармен реттеледі.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК